

**Әдістемелік кеңес отырысының
№1 Хаттамасы**

Жалпы саны: 13
Қатысқандар: 12

10.09.2021ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы:

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын стандарт талаптармен таныстыру .

Тәрбиеленушілерге бастапқы мониторинг жүргізу жұмыстары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директорының міндетін атқарушы Ж. Нурдилдаева балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылының негізгі бағыттары бойынша алдымыздағы «Жаңа оқу жылына дайындық туралы » 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаева біздің міндетіміз жас ұрпақты тәрбиелеу. Балалардың білім, білік дағдыларын дамыту барысында олардың деңгейлік көрсеткіштерін анықтау барысында бастапқы диагностикалық қорытынды жұмыстарын жүргізу керектігін айтады.

Жиын қаулы етеді:

1. Жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары қолға алынсын.
2. Балаларға диагностикалық қорытынды жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:  Ж. Нурдилдаева

Хатшы:  К.Кулбекова

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының
адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Әдістемелік кеңестің

Хаттамасы № 2

05.04.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. « Мен қандай тәрбиешімін» тест
2. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: « Ғарыш әлеміне саяхат»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры
Б. Сеилова тест алудың негізгі мақсаты – тәрбиешілерге жақсы көңіл - күй сыйлай
отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Бұл тәрбиешілердің өзіне деген сенімін
арттырып, оқу іс - әрекеттеріне деген тұрақты зейінін қалыптастыруға, қызығушылығын
оятуға жағдай туғызады.

« Мен қандай тәрбиешімін» тест

1.Тәрбиешілік қызметке қалай келдіңіз?

- а) жүрек қалауымен
- ә) кездейсоқ
- б) лажым жоқтықтан

2. Сіз үшін тәрбиешінің жұмысы:

- а) керемет жұмыс
- ә) күнкөріс үшін
- б) бас қатыру

Балалар сізді қандай деп ойлайды?

- а) өте сауатты деп есептейді
- ә) қанағаттанарлық
- б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ

4. Балалар арасында жарыс болатын болса:

- а) міндетті түрде менен көмек сұрайды
- ә) кейде
- б) маңыма мүлде жоламайды

5. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз қандай?

- а) тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын
- ә) сирек қолданамын
- б) белгілі айтылған тапсырмадан шыға алмаймын

6. Балабақшадағы ережедентіс жұмысты ұйымдастыруда

- а) балалар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын

- ә) басшылар ескерткенде ғана
- б) бас ауыртқым келмейді

8. Балаға қол жұмсайсыз ба?

- а) мүлде қол жұмсамаймын
- ә) анда-санда
- б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін

9. Тәрбиеші болғаныңызға

- а) ризасыз
- ә) сізге бәрібір
- б) өкінесіз

10. Ұжым арасында беделіңіз:

- а) өте жоғары
- ә) жақсы
- б) орташа

Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай, «ә» жауабына – 3 ұпай, «б» жауабына – 1 ұпай есептеніз.

45-50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз.

30-21 ұпай жинасаңыз :

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

15-11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын тәрбиешіге босатқаныңыз жөн.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Г. Шамшиева сөз алады. «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметі болып өтті.

Білімдік саласы: Әлеуметтік орта

Тақырыбы: Ғарышқа саяхат (аралас сабақ)

Максаты: Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Өз ойларын толық жеткізіп, әңгімелеу дағдыларын пысықтау. Ермексазды қолдана отырып, тапсырманы ұқыпты, таза орындау қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: суреттер, слайд, ермексаз, тақтайшалар, сүлгі.

Әдіс - тәсілдері: әңгімелеу, таныстыру, сұрақ - жауап, мүсіндеу.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын

Директор

Б. Сеилова

Хатшы

К. Кулбекова